

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының
ЖОББМ» КММ директоры
Г.С.Алиева
«01» 09 2026 жыл

ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкес мектепте оқу-тәрбие процесін және әдістемелік жұмысты толық көлемде ұйымдастырады.
- МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын орындау бойынша педагогтердің жұмысын, сондай-ақ тиісті оқу құжаттамаларын әзірлеуді үйлестіреді.
- Білім беру процесінің сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады, пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді (ҚМЖ), орта мерзімді (ОМЖ) жоспарларын тексереді, бекітуге ұсынады.
- Мектептегі мемлекеттік қызметтердің (оқушыларды 1-сыныпқа қабылдау, басқа мектепке ауыстыру, оқу орнынан анықтамалар беру, білімі туралы құжаттардың телнұсқаларын беру және т.б.) Қазақстан Республикасының заңнамалары мен стандарттарына сәйкес электрондық (eGov.kz және өзге де акпараттық жүйелер арқылы) және қағаз түрінде сапалы, уақтылы әрі қолжетімді көрсетілуін ұйымдастырады және оған тікелей жауапты болады.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналында мектептің оқу процесіне қатысты барлық акпараттың (оқушылар тізімі, пәндер, мұғалімдерді бекіту, сабақ кестесі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар) уақтылы әрі қатесіз толтырылуын қадағалайды. Мұғалімдердің күнделікті бағалауды, сабаққа қатысу есебін, БЖБ және ТЖБ қорытындыларын жүйеге енгізуін қатаң бақылауда ұстайды.
- ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) жүйесінде білім алушылар мен педагогтерді толық есепке алуды, мәліметтердің қайталануын немесе қате енгізілуін болдырмауды, статистикалық деректердің тарихи қатарын қалыптастыруды бақылайды және жүйелі түрде жаңартып отырады.
- Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылауды жүзеге асырады, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, оқу сабақтарының, курстардың, үйірмелердің және оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің (факультативтердің) сабақ кестесін жасайды.
- Пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, білім кесінділерін жүргізеді, қорытындысы бойынша білім сапасын, бөлім бойынша жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсан/жыл бойынша жиынтық бағалауды (ТЖБ) талдайды.
- Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мақсатында аралық және қорытынды аттестаттауды (емтихандарды) нормативтік құжаттарға сай жоспарлайды, ұйымдастырады, олардың әділ әрі ашық өткізілу барысын қадағалайды және емтихан қорытындыларына терең педагогикалық талдау жасайды.
- Білім алушылар мен педагогтердің пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, конкурстар мен жарыстарға қатысуын жоспарлайды және ұйымдастырады.
- Дарынды оқушылармен жұмысты, сондай-ақ үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды (консультацияларды) ұйымдастырады.
- Инклюзивті білім беруді жүзеге асырады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді.

- Педагогикалық кадрларды іріктеуге қатысады. Педагогтердің біліктілігін арттыру, тәлімгерлік және біліктілік санаттарын беру (растау) немесе аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлайды және ұйымдастырады.
- Білім беру процесіне жаңа тәсілдерді, тиімді инновациялық технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Педагогтердің озық іс-тәжірибесін тарату бойынша шаралар қабылдайды.
- Педагогикалық кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің отырыстарын жоспарлайды, күн тәртібі мен материалдарын дайындайды (оның ішінде аралық және қорытынды емтихандарға рұқсат беру немесе қорытындылау бойынша педкеңестерді өткізеді).
- Мұғалімдердің сабақтарына кері байланыс ұсына отырып қатысады, оқыту сапасына педагогикалық талдау жасайды.
- Белгіленген мемлекеттік және ведомстволық есептік құжаттамалардың сапалы әрі уақтылы жасалуын және тапсырылуын қамтамасыз етеді.
- Оқу-тәрбие процесінде "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасы мен «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» интеграциялануын қамтамасыз етеді.
- Педагогтер мен оқушылар арасында, әсіресе мемлекеттік қызметтерді алу, емтихандар мен БЖБ/ТЖБ тапсыру кезінде академиялық адалдық қағидаттарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қатаң сақтауды қалыптастырады.

Білуге тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Бала құқықтары туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңдарын.
- Білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС), үлгілік оқу бағдарламаларын.
- Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын.
- Білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттерін, электрондық үкімет (eGov.kz) порталымен жұмыс істеу тәртібін.
- Педагогика мен психология негіздерін, мектептану және білім беру жүйесін басқару менеджментін.
- Заманауи психологиялық-педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, критериялды бағалау жүйесінің ережелерін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен, ҰБДҚ базасымен және басқа да цифрлық білім ресурстарымен жұмыс істеу негіздері мен ережелерін.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім; педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.
- Білім беру ұйымы басшысы орынбасарының біліктілік санатының (үшінші, екінші немесе бірінші деңгейлі) болуы немесе "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" (мастер) біліктілік санатының болуы.

Таныстым: Мамиева Ж.Ш. Мам

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (енгізілген соңғы өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.